



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://turkalemi.kz/>

№ 3 (наурыз, 260) 2024 жыл

АНАУ ҚАЛАСЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ АТАНДЫ

Ағымдағы жылдың 26-наурызы күні Түркі Академиясының президенті Шаһин Мұстафаев Түрікменстанның Анау қаласында өткен Түркі әлемінің 2024 жылғы мәдени астанасын жариялауға арналған салтанатты іс-шараға қатысты.

Жыл сайын Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (ТҮРК-СОЙ) бастамасымен берілетін Түркі әлемінің биылғы мәдени астанасы мәртебесі Анау қаласына берілді.

Осыған орай өткен салтанатты жиынға Академия басшысымен қатар, Түрікменстан Премьер-министрінің орынбасары Мәхрижамал Мәммедова, Түрікменстан Сыртқы істер министрі Рашид Мередов, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Түркі мәдениеті және мирасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова және бауырлас елдерден арнайы шақырылған мәртебелі меймандар, өнер және мәдениет қайраткерлері қатысты.

Мәдени астананы жариялауға арналған іс-шара аясында Анау қаласының тарихымен және көрнекті орындарымен таныстыруға арналған бағдарламалар ұйымдастырылды. Сонымен қатар түбі бір түркі елдерінің өнерпаздары қатысқан концерттік бағдарлама өтті.

Айта кетейік, Мәдени астананы жыл сайын жариялау туралы шешім 2010 жылы өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының басқосуында қабылданған болатын. Өткен жылы Әзірбайжан Республикасының Шуша қаласындағы жабылу салтанатында «Түркі халықтарының мәдени астанасы» символы Анау қаласына табысталған еді.

Бұл мәртебе тарихи тамырын тереңнен тартатын көне қалаларға ол жерлердегі ескерткіштерді қорғау және насихаттау мақсатында беріледі.

Ашылу салтанатында сөз кезегін алған Түркі Академиясының президенті Шаһин Мұстафаев Анау қаласында өткен ғасырлардан қалған ескерткіштердің табылуындағы археологиялық қазба жұмыстарының маңыздылығын атап, Түрікменстанның халық ақыны Мақтымқұлы Фрағидің туғанына 300 жыл толуымен құттықтады.

Мәдени іс-шара келесі күні «Көне Анау мәдениеті» атты халықаралық ғылыми конференциясына ұласты.



Наурыз көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамы ретінде бағзы замандардан тойланып келеді. Бұл мереке – Түркі халықтарына ортақ мереке.

Адамзат өзін табиғаттың төл перзенті деп санайды. Табиғаттан құдіретті не бар дейсің. Адамдар табиғатқа тәуелді. Біздерге жарық күн, кең дала, асқар тау, жасыл орман, айдын көл... сыйлағаны үшін де оның алдында қарыздармыз.

Сол жарықтық табиғаттың түлеп, жаңаратын шағы – осы Наурыз. Жер-ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі ииді. Аспан денелері ең бастапқы нүктелерінде тоғысады. Күн мен түн теңеледі. Жан-жануарлар төлдерін өргізеді. Жер үстіне тілмен айтып жеткізгісіз керемет бір шаттық орнай қалады. Наурыз деп отырғанымыз, Жаңа күн деп жар салатын қуанышымыз – осы.

Өзіңіз ойлаңызшы, баршамызды бауырына басып, сұлулыққа, көркемдікке, тазалыққа ұмтылдырып отырған табиғатымыз жаңарған, жайнаған, нұрланған сәттен артық Ұлы күн, аяулы күн бар ма екен, сірә?!

Наурыз – жылдың алғашқы күні. Түптеп келгенде, біздің нағыз Жаңа жылымыз осы Наурыз болуы қажет... Түбінде осы мерекеге келуіміз керек. Бұл халқымыздың, тәуелсіздігіміздің ең негізгі тамырының бірі болып саналады.

Төбесі көрініп тұрған жақсылықты лайықты қарсы алу, осыған мез-мейрам әзірленудің өзі ғанибет. Тойдың болғанынан боладысы қызық. Той болғанда қандай той – Наурыз тойы!

Тарих қойнауына тағы бір жылымыз жол тартып, тағы бір жыл табалдырықтан аттайды. Жаңа күн төңірекке нұр-шапағатын төгеді. Ендеше Түркі халықтары болып, жер бетіне жақсылық ұялаған күнді қарсы алайық.



TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

IATA
ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES
Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36
Абылай хан к., 71
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01
effcket@temtour.net

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306
Ұялы тел.: +7 701 203 1660
astana@temtour.net



РАҚЫМ АЙЫ – РАМАЗАН ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мұсылман әлемінің ең бір қастерлі мерекесі – қасиетті Рамазан айының келуімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймыз!

Рамазан – береке мен бірлік, кешірім мен мейірім және қайырымдылықтың айы, иманды күшейтіп, азаматтарымызды қайырымды іс жасауға, жақынына көмектесіп, мұқтаждарға қол ұшын беруге жігерлендіреді.

Рамазан айының негізгі ерекшелігі – адамдарды бауырмалдыққа, кішіпейілдікке, кешірімді болуға, сүйіспеншілікке шақырады. Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі.

Рақым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған ораза, жасаған дұға-тілектер, ғибадаттар, әрбір қайырлы амалдар қабыл болғай! Әрбіріңіздің отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс, береке-бірлік нәсіп еткей! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болғай!

МЕЖДУНАРОДНОЕ АНТИЯДЕРНОЕ ДВИЖЕНИЕ «НЕВАДА-СЕМЕЙ»

В КазНУ им. аль-Фараби на кафедре «ЮНЕСКО по устойчивому развитию» факультета Географии и природопользования магистранты 2 курса образовательной программы «7М11201 Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды» на площадке ZOOM организовали онлайн-семинар на тему: «Невада-Семей: история и уроки».

История антиядерного движения началась 25 февраля 1989 года. Тогда на Семипалатинском ядерном полигоне, произошла утечка радиоактивных газов. О том, какую опасность для казахстанцев и в целом для всей страны представляют взрывы в Семипалатинске, и о том, что ядерные полигоны должны быть закрыты, заговорил поэт и писатель Олжас Сулейменов. Казахстан первым сделал реальный шаг к всеобщему ядерному разоружению: закрыл Семипалатинский испытательный ядерный полигон - четвертый в мире по своей разрушительной мощи ядерный потенциал.

28 февраля 1989 года в Казахстане было образовано Международное антиядерное движение «Невада-Семей». Главной целью являлось не только закрытие Семипалатинского полигона, но и пробудило другие ядерные страны последовать этому примеру. Ядерная программа СССР активизировалась вскоре после окончания Второй мировой войны. Ужасающие бомбардировки Соединенными Штатами японских городов Хиросима и Нагасаки, поставившие под угрозу мир на планете и безопасность всего человечества, вынудили Советский Союз немедленно прибегнуть к разработке аналогичного оружия. Испытания советской атомной бомбы проводились во многих отдаленных регионах, таких как российский архипелаг Новая Земля и Урал, а также в пустынных степях северо-восточного Казахстана. К сожалению, не все из этих районов были расположены вдали от мест проживания мирного населения.

Одним из основных участков для испытаний стал Семипалатинский испытательный полигон площадью 18 тысяч км, расположенный к югу от долины реки Иртыш в Казахстане. Именно здесь 29 августа 1949 года прошли успешные испытания первого советского заряда для атомной бомбы. Всего в 150 км к востоку от испытательного полигона находился город Семипалатинск (позже переименованный в г. Семей) с населением, превышающим 100 тысяч человек.

С 1949 по 1989 годы Советский Союз провел 456 ядерных испытаний в Семипалатинске. Эксперименты проводились на поверхности, под землей и в воздухе. Случайные неудачи приводили к рассеиванию радиоактивных материалов и утечке радиоактивных газов в окружающую среду. В течение лишь нескольких лет после начала испытаний резко возросли случаи возникновения злокачественных заболеваний и врожденных дефектов среди местного населения.

Участники движения «Невада – Семипалатинск» проводили акции за рубежом, участвовали в конференциях и объединялись с иностранными антиядерными движениями.

На онлайн-семинаре разобрали такие вопросы: какое количество взрывов произошло на полигоне, сколько человек пострадало от ядерных испытаний в Семипалатинске. Онлайн-семинар помогает магистрантам самостоятельно анализировать события и приобретать организационные навыки, которые пригодятся им в дальнейшей профессиональной деятельности.

Акубаева Д.М., Калдыбаева С.Т., Алпысбаева А. Преподаватели кафедры ЮНЕСКО по УР КазНУ им. аль-Фараби

НЕЛІКТЕН ҚАЗҰУ-ДЫ «КИЕЛІ ОРДА» ДЕП АТАЙМЫЗ?

89 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – еліміздің қоғамдық өмірі мен білім, ғылым, жалпы оқу-ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің нағыз күегері. ҚазҰУ – ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы.

Қасиетті қара шаңырақ тарихының әрбір кірпіші оның білікті ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының шығармашылық талмас қайраты мен күнделікті еңбегінің арқасында берік әрі мықты болып қаланып келеді. Бір адамның ғұмырындай болған ҚазҰУ тарихы республикамыздың деңгейінде де, халықаралық деңгейде де үлкен орынды алған. Неліктен ҚазҰУ-ды «киелі орда» деп атаймыз? Себебі бұл ордада әйгілі хакім Абайды зерттеген, «Абай жолын» жазған жазушы, ғұлама М.Әуезов сабақ берген, қазақтың махаббат хикаясына айналған «Махаббат қызық мол жылдар» атты көркем шығарманың кейіпкері Ербол, халықаралық спорт шебері Ермахан Ыбрайымов, одан өзге де атақ пен абыройды қатар алып жүрген белгілі тұлғалар білім алған. Әрбір бітіруші жас талапкердің арманына айналған бұл оқу орнының берер мүмкіндігі мен білім сапасы жоғары екені белгілі. Сапалы кадрлар дайындауда өзіндік үлес қосып келе жатқанын ескерген жөн.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беретін жетекші білім ордасы. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің мақсаты отандық және шетелдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әлемдік білім беру кеңістігінде орын алатын, қолданбалы және іргелі зерттеулерді дамытып, оларды өндірісте қолдануға өз үлестерін қосатын жоғары маман иелерін дайындау болып табылады. Бізде «Сапа бойынша жетістігі» үшін атты ең үлкен сыйлықтың да алғашқы иегері біздің киелі ордамыз болған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық университеттер бірлестігінің мүшесі және Еуразиялық университеттер бірлестігінің тең құрылтайшысы бола білген құтты мекен. Сонымен қатар Қазақстандағы бірінші және Орталық Азия елдері Болонье қаласындағы Ұлы Хартия университеттері келісімшарт жасаған жоғары оқу орны. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ біліммен, ғылыммен, рухани-тәрбиемен, инновациялық және өндірістік потенциалмен қамтамасыз ете алады. Біздің университет құрамында өте білімді, студентпен байланыс жасауға қабілетті, жас ұрпаққа үлгі мен өнеге көрсететін, білім мен тәрбиені қатар алып жүретін сапалы кадрлар жетерлік. Атап айтар болсақ, университеттің құрамында 2 мыңға жуық профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары және философия докторлары, 100-ден аса ірі академиялардың академиктері, 30-ға жуық Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткерлері, 30-дан аса Мемлекеттік лауреаттар және ҚР таңдаулы сыйлықтарының иегерлері, 40 жас ғалымдар сыйлығының иегері, 45 мемлекеттік ғылыми шәкірталас иегерлері жұмыс жасайды. Университет қабырғасында бүгінде 20 мыңға жуық студенттер мен магистранттар жоғары деңгейлі жүйе бойынша кәсіби білім алады. Университет 418 ірі халықаралық жоғары оқу орындарымен халықаралық білім бағдарламасын жүзеге асыруда, студенттер ауыстырып білім беруде және тәжірибелер өткізуде бірлесіп жұмыс жасауда.

Тарихи тереңде жатқан қаладағы тарихи университет ҚазҰУ-дың студенті болғаныңыз үшін өзіңізді мақтан тұтыңыз және болашаққа нық қадам жасаңыз!

С.А.Жаугашева, Н.Хабыл

ТЕОРИЯ МЕН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРУ



Студенттерге арналған өндірістік экскурсиялар кәсіби дағдылар туралы түсінік қалыптастыруға, кәсіби қызметке деген қызығушылықты дамытуға, кәсіби өсудің өзіндік мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуге және бағалауға, болашақ мамандықты таңдаудың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. ҚазҰУ (www.kaznu.kz) көптен бері өз салаларында жақсы жетістіктерге жету үшін қажетті білім мен дағдылармен сусындаған жоғары деңгейлі түлектерді тәрбиелеп келеді. Осы беделді университеттің басты белгілерінің бірі – қазіргі студенттерді кәсіби дамудың құнды мүмкіндіктерімен байланыстыруда шешуші рөл атқаратын оның күшті түлектері. ҚазҰУ түлектері қазіргі студенттерді өз компанияларында тағылымдамадан, тәжірибелерден өтуге шақыруға белсенді қатысып келеді.

Жыл сайын География және табиғатты пайдалану факультеті Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасында педагогикалық практика аясында «7М11201-Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының 1-курс магистранттары ұйымдастыратын «Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күнінде» дәстүрге айналған халықаралық дөңгелек үстел өтеді. Іс-шараға оқытушылар мен студенттер, отандық өндіріс орындарының еңбек қорғау саласының бас мамандарын, сонымен қатар жас мамандарды шақырады. Өткен жолғы келген қонақтар: Долгалева Елена Сергеевна – «KazPromEducation» ЖШС атқарушы директоры, Қасымбеков Дастан Нұрланұлы – «АзияАгроФуд» АҚ ЕҚЖЕК, ӨҚ және ҚОҚ қызметі басшысы, Бегімбетов Тимур Асхатұлы «KazFoodProducts» ЖШС холдингінің ЕҚЖЕК, ӨҚ үйлестірушісі, Маймақов Арман Таужанұлы – ҚазҰУ-нің Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және азаматтық қорғау бөлімінің бастығы, Набиуллин Жайсан Жасұланұлы – ҚазҰУ-нің Азаматтық қорғаныс, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы, Obrillant Damus – ЮНЕСКО штабында (Париж) эксперт, Гаити мемлекеттік университетінің профессоры, Шербрук (Канада) университетінің доценті.

Бұл шаралар оң нәтижесін беріп, ары қарай өндіріс орындары мен университет арасында келісімшарттар жасалып, студенттер тәжірибеден өтуге мүмкіндік алып, тығыз байланыс жалғасын тауып жатыр.

Сол себепті, болашақ мамандарды «АзияАгроФуд» АҚ-на болашақ жұмыс орындарымен таныстыру мақсатында кафедралық магистратурасын бітірген былтырғы түлегі, бүгінгі таңда әріптесіміз, оқытушы Алпысбаева Алина студенттерді өндірістік экскурсияға апарып, мамандықтарының қыр-сырын көрсетіп қайтты. «АзияАгроФуд» АҚ – Қазақстанда сироп, құрама жем және нан пісіру ұнын өндіру саласындағы еліміздегі көшбасшы өндіріс орны. Кәсіпорынның негізгі қызметі бидай дәнін ұнға және жүгері дәнін глюкоза-мальтоза сироптарына өңдейді, сондай-ақ құрама жемнің барлық түрлерінің өндірісі бар. Компания өнімдері отандық нарықпен қоса жақын және алыс шетелдерге де белгілі. Кәсіпорынның құрамында сыйымдылығы 15,2 мың тонна элеватор, ұн тарту зауыты, крахмал диірмені, құрама жем зауыты бар. Барлық цехтар мен өндірістер Германия, Швейцария, Италия және АҚШ-та өндірілген ең жаңа, өнімділігі жоғары жабдықтармен жабдықталған. Қызметкерлермен жасалатын өндірістік қарым-қатынас жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ұжымдық шартқа негізделген. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарымен қоса ҚР Еңбек кодексіне көзделген барлық талаптардың сақталуы қамтамасыз етіледі. Анционерлік қоғамның қызметкерлерінің толыққанды әрі өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай жасалған. Бірінші, екінші, үшінші ауысым жұмыскерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылған асхана, жоғарғы санатты дәрігерлер қызмет көрсететін медициналық-санитариялық бөлім, кір жуу, жұмыскерлердің ауысымнан кейінгі жуыну орындары жұмыс істейді. Түрлі саладағы мамандарды еңбек қауіпсіздігі талаптары бойынша оқыту мен олардың біліктілігін арттыру жүйелі түрде жүргізіледі. Оқыту аяқталғаннан кейін, біліктілігі арттырылған мамандар, арнайы емтихан тапсыру арқылы, жұмысқа рұқсат куәлігін алады.

Студенттерді «АзияАгроФуд» АҚ-да «Өнеркәсіптегі кешенді қауіпсіздік аудиті және басқару» мамандығы бойынша магистратураны үздік аяқтаған ҚазҰУ-нің түлегі, осы аталған «АзияАгроФуд» АҚ-ның білікті маманы Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және оқыту инженері Қалманбай Нұрболат Қанатбекұлы таныстырды. Студенттерге өндіріс үрдісін көрсете отырып, ондағы техника қауіпсіздігі ережесін қалай сақтау керектігін, жұмыскерлердің техника қауіпсіздігі ережесін бұзғанда қалай жазаланыатынын, қандай айыппұлдар салыныатынын, сонымен бірге, өндіріс орындарында міндетті түрде жүргізілетін нұсқаулық түрлерімен таныстырды. Болашақ мамандарды өндіріс орындарымен таныстырудағы басты мақсатымыз, болашақ жұмыс орындарымен таныстыру арқылы өз мамандықтарына деген құлшынысын арттыру.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының қауымдасқан профессоры Қожахан А.К., оқытушы Алпысбаева А.Е.

ҚАЗҰУ – БОЛАШАҒЫМНЫҢ БАСТАУЫ

Білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ

Болашақ... Бірауыз сөзде мың ұғым жатыр. Әрине, «болашақ» сөзінде тұтас бір ұлттың, үлкен мемлекеттің, бір адамның ғұмыры жатыр. Біз алдағы күндері не боларын білмейміз және соны болашақ деп атаймыз. Сол болашақтың жарқын болуы үшін бар күш-жігерімізді, білімімізді, уақытымызды арнаймыз. Сол болашақ үшін қазірден бастап өз таңдауымызды дұрыс жасауға тырысамыз. Осы тұста мен өз болашағымның жарқын болатынына кәміл сенімдімін. Себебі мен өзімнің болашағымды ҚазҰУ-мен байланыстырдым.

Өткен ғасырда Киров есімімен белгілі болған оқу ордасы бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Шығыстың аса көрнекті философы Әбу Насыр ибн әл-Фарабидың есімі берілген бұл оқу орны Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатарлы, жетекші жоғарғы оқу орны болып табылады. Қазіргі таңда еліміздің ірі білім және ғылыми орталығы ретінде көпшілікке белгілі. Сонымен бірге өзіндік орналасуымен де талайлардың арманына айналып келеді. Ол Алатаудың бөктерінен орын алған ару қала Алматының қақ ортасында орналасқан.

ҚазҰУ-нің іргетасы ең алғаш 1934 жылы қаланған. Содан бері біздің қара шаңырағымыз әлемдік білім беру жүйесінде өз ұстанымын жыл сайын жақсартып, алдыңғы қатарлардан көрініп келеді.

Бұл оқу орнының студенті атануды қарапайым мектеп оқушысы, менің өзім 8-сыныптан бастап армандадым. Білімге деген құштарлығымның арқасында осы оқу орнына түсіп, ҚазҰУ студенті атануды мақсат еттім және мендік мақсатты жүзеге асырдым.

Міне, болашаққа алғашқы қадамдардың бірі ҰБТ-ны сәтті тапсырып, мектепті аяқтап, құтты мекенге аяқ бастық. Арман қуып Алматыға келгеніме де бірер жыл болыпты. Университетті алғаш көргендегі сезім, осындай керемет

оқу орнының студенті атанамын деген үміт сезімі алға одан да көп мақсат қоюға баулыды, көз жеткізді. Көз алдыма арманымның мақсатымның бір бөлшегі тұрғандығын сезіну, оның бір кетігін жамайтын кірпіші болып қаланатынымды ұғыну, ерекше бақытты екенімді аңғартты.

Оқу ордамызда студенттер үшін, олардың өз бетімен ізденіп, білім алуы, және басқа да ақпараттарға ие болу мақсатында барлық жағдайлар жасалғанын ҚазҰУ-дың тарихынан білуге болады. Осындай жағдайлардың біразы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында жасалған. Қызметтің барлық түрлері студенттер үшін тегін және жеткілікті дәрежеде тиімді болып көрсетіледі.

Сонымен қатар білім ордамызда мәдени, ғылыми және спорттық-әскери орталықтар бар. ҚазҰУ – жетістікке апарар жол. Бұл оқу орны алдыңғы қатарлы дамыған елдердегі жоғарғы оқу орындарымен терезесі тең білім ордасы әрі болашағын ойлайтын жас көшбасшылар мектебі.

Университет қабырғасында студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары мен кәсіподақтары, әлеуметтік-әріптестік қағидасы негізінде қызмет атқарады. Әр ұйымның өзіндік бағыты мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысы студенттердің жан-жақты дамуы үшін қызмет атқарып келеді. Әрбір ұйымның ұйымдастыратын жобалары, студенттердің қай салада болмасын жұлдыз болып жануына бағытталған. Өткізілетін іс-шаралар, кездесулер, мастер-класстардың негізгі мәні – еліміздің болашағына қажетті мықты кадрлар даярлау. Жасалып жатқан жобалардың мақсаты анық. Ол ертеңгі ел болашағының қамын ойлайтын, еліне емірене қызмет ететін, дарынды, білікті азамат пен азаматшаларды даярлау.

ҚазҰУ – болашағымның бастауы. ҚазҰУ – айқын мақсаттар мекені.

Хабыл Н., Сайдуллаева Г.Г.